

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 12 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 372-бабының 2-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті ;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және ішкі сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы № 69 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 18 қаңтардағы
№ 12 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар халықаралық шарттарға және Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі (2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа №1 қосымша, бұдан әрі – Одақтың Кеден кодексі);

2014 жылғы 10 қазандағы Армения Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуы туралы шарт;

2015 жылғы 8 мамырдағы Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Қырғыз Республикасының

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуына байланысты Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдану жөніндегі шарттар мен ауыспалы ережелер туралы хаттама;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Жеке пайдалануға арналған тауарларға байланысты жекелеген мәселелер туралы" 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 107 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және ішкі сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және ішкі сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы №169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жеке пайдалануға арналған көлік құралдарымен байланысты жекелеген мәселелер туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы №74 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін немесе еркін айналысқа шығарылған, Еуразиялық экономикалық одақтың бір мүше мемлекетінің кеден органы басқа мүше мемлекеттің кеден органына жіберетін автомобильдер мен өзге де көлік құралдары туралы мәліметтердің құрамын бекіту туралы" 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 13 шешімі.

Осы Қағидалар Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтері біріккен Алқасының 2015 жылғы 4 маусымдағы № 15/6 шешімімен бекітілген Еуразиялық

экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелінген және еркін айналымға шығарылған (ішкі тұтыну үшін) көлік құралдары туралы электрондық ақпаратты ұсыну технологиясының ережелері ескеріле отырып әзірленді.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.CP.05, 2.0.0 нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін немесе еркін айналымға шығарылған, Еуразиялық экономикалық одақтың бір мүше мемлекетінің кеден органы басқа мүше мемлекеттің кеден органына жіберетін автомобильдер мен өзге де көлік құралдары туралы мәліметтердің құрамын бекіту туралы" 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 13 шешімімен бекітілген мәліметтер құрамында санаттары айқындалған әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге (бұдан әрі – әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдер) және өзге де көлік құралдарына қатысты бақылау жүргізуді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл механизмдерін жетілдіру есебінен қамтамасыз ету болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) әкелінген және шығарылған автомобильдерге қатысты автоматтандырылған мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету;

б) деректердің ортақ моделін пайдалану негізінде құрылған электрондық құжаттар мен мәліметтердің сәйкестендірілген құрылымдарын қолдануды қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

| Кодтық белгіленімі | Атауы | Сипаттамасы |
|--------------------|---------------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.CP.05.ACT.001 | мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган | мүше мемлекеттің атқарушы билігінің әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға), соның ішінде сұрау салу бойынша шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді жинау және мәліметті алатын уәкілетті органдарға ұсыну жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын кеден ісі саласындағы уәкілетті органы |
| P.CP.05.ACT.002 | мәліметтерді алатын уәкілетті орган | мүше мемлекеттің атқарушы билігінің мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органдардан әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді алу жөніндегі операцияларды, сондай-ақ әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты сұрау салуларды қалыптастыру және мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органдарға мәліметтерді жіберу жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын кеден ісі саласындағы уәкілетті органы |

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің мынадай жиынтығын білдіреді:

а) әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері;


б) мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері тобына кіретін жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган мен мәліметтерді алатын уәкілетті орган арасында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының бақылау функцияларын орындау үшін қажетті мәліметтермен алмасу жүзеге асырылады.

Мәліметтерді ұсынған кезде мәліметтерді беретін уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған, соның ішінде өзгертілген және күші жойылған мәліметтерді қалыптастырады және автомобильдерге қатысты мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынады.

Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерін орындаған кезде мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерге сұрау салу мен оларды алу жүзеге асырылады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың мұқият сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдерінің тобы

15. Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды жүзеге асыру кезінде мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді, соның ішінде оларға өзгерістер енгізу кезінде қалыптастырады және мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынады.

Бұл ретте "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.CP.05.PRC.001) орындалады.

Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бұрын ұсынылған мәліметтердің күшін жою қажеттігі туындаған кезде мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган бұрын ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қалыптастырады және мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынады.

Бұл ретте "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімі (P.CP.05.PRC.002) орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 12 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 12 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі

тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

16. Әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте

Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодтық белгіленімі | Атауы | Сипаттамасы |
|--------------------|-------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді, соның ішінде |

| | | |
|-----------------|---|---|
| P.CP.05.PRC.001 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бұрын ұсынылған мәліметтерді қалыптастыруға және ұсынуға арналған |
| P.CP.05.PRC.002 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бұрын ұсынылған мәліметтерді күшін жою туралы ақпаратты қалыптастыруға және ұсынуға арналған |

5. Мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобын орындау мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:


мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтер болмаған кезде;

жеке тұлғалар мәліметтерді алатын уәкілетті органның қызмет өңіріндегі (аймағындағы) кеден органына мәліметтерді алатын уәкілетті органда бар мәліметтерге сәйкес келмейтін әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтер бар құжаттарды берген кезде;

мүше мемлекеттер қатысушылар болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес құқықтық көмек көрсету шеңберінде мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру қажет болған кезде.

Мәліметтерді алатын уәкілетті орган автомобильді еркін айналымға (ішкі тұтыну үшін) шығару фактісі және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) автомобиль шығару жүзеге асырылған құжат туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және мәліметтерді беретін уәкілетті органға жібереді. Мәліметтерді алатын уәкілетті органға мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган сұрау салынған автомобиль туралы мәліметтерді ұсынады. Бұл ретте "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерге сұрау салу және оларды ұсыну" рәсімі (P.CP.05.PRC.003) орындалады.

19. Мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде берілген.

3-кесте

Мәліметтерді алатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодтық белгіленімі | Атауы | Сипаттамасы |
|--------------------|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| P.CP.05.PRC.003 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсынуға сұрау салу | автомобильді еркін айналымға (ішкі тұтыну үшін) шығару фактісі және автомобильді ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығару жүзеге асырылған құжат туралы мәліметтерді алуға арналған |

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Олар туралы мәліметтер немесе олардан алынған мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесіне берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

| Кодтық белгіленімі | Атауы | Сипаттамасы |
|--------------------|-------|-------------|
| | | |

| 1 | 2 | 3 |
|-----------------|---|--|
| P.SP.05.BEN.001 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтер | мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық ресурстарындағы (дерекқорындағы) өзгертілген және күші жойылған мәліметтерді қоса алғанда, әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтер |

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауаптылығы

22. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде берілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

| Кодтық белгіленімі | Атауы | Типі | Сипаттамасы |
|--------------------|---------------------------------|------------|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| P.CLS.001 | әлем елдерінің сыныптауышы | сыныптауыш | әлем елдері атауларының тізбесі және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады) |
| P.CLS.002 | валюталардың сыныптауышы | сыныптауыш | валюталар кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады) |
| | Еуразиялық экономикалық одақтың | | Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарларды сипаттаудың және кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз |

| | | | |
|-----------|--|------------|--|
| P.CLS.003 | Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН) | сыныптауыш | Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды |
| P.CLS.023 | өлшем бірліктердің сыныптауышы | сыныптауыш | кодтардың, шартты белгілердің және өлшем бірліктері атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады) |
| P.CLS.025 | Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышы | сыныптауыш | мүше мемлекеттердің кеден органдары атауларының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды |
| P.CLS.073 | жол көлік құралдары маркаларының сыныптауышы | сыныптауыш | жол көлік құралдары маркалары кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады) |
| P.CLS.074 | алу кеден органдарына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлемдер түрлерінің сыныптауышы | сыныптауыш | алу кеден органдарына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлемдер түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады) |
| | кеден баждарын, салықтарды есептеу кезінде пайдаланылатын қосымша сипаттамалар | сыныптауыш | кеден баждарын, салықтарды есептеу кезінде пайдаланылатын қосымша сипаттамалар мен параметрлер кодтарының, шартты белгіленімдерінің және атауларының тізбесін |


мен параметрлердің
сыныптауышы

қамтиды (Кеден одағы
комиссиясының 2010
жылғы 20 қыркүйектегі
№ 378 шешіміне сәйкес
қолданылады)

VIII. Жалпы процестің рәсімдері

1. Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.CP.05.PRC.001)

24. "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімін (P.CP.05.PRC.001) орындау схемасы 4-суретте берілген.



4-сурет. "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімін орындау схемасы (P.CP.05.PRC.001)

25. "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.CP.05.PRC.001):

мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органда әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған мәліметтерді, соның ішінде бұрын ұсынылған және

мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органда өзгерістер енгізілген мәліметтерді алатын уәкілетті органда өңделген мәліметтерді өңдеу аяқталғаннан кейін;

әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы мәліметтерді алатын уәкілетті органға бұрын ұсынылған хабарламада ол туралы ақпарат қамтылған қате тудырған себептер жойылғаннан кейін 6 жұмыс күнінен кешіктірілмей орындалады.

"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.CP.05.PRC.001) әрбір мүше мемлекеттің мәліметтерді алатын уәкілетті органына қатысты орындалады. Ақпарат өңдеу қателігін тудырған себептер жойылғаннан кейін мәліметтер қайтадан ұсынылған кезде "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.CP.05.PRC.001) белгілі бір мүше мемлекеттердің мәліметтерді алатын уәкілетті органдарына қатысты орындалуы мүмкін.

26. Алдымен "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" операциясы (P.CP.05.PRC.001) орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қалыптастырады және мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынады.

27. Мәліметтерді алатын уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді алған кезде "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P.CP.05.OPR.002) орындалады, оны орындаған кезде көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органға әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберіледі.

28. Мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау" операциясы (P.CP.05.OPR.003) орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау жүзеге асырылады.

29. Мәліметтерді алатын уәкілетті органның әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қабылдауы мен өңдеуі "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған

автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімін (P.CP.05.PRC.001) орындау нәтижелері болып табылады.

30. "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.CP.05.PRC.001) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде берілген.

6-кесте

"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.CP.05.PRC.001) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодтық белгіленімі | Атауы | Сипаттамасы |
|--------------------|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.CP.05.OPR.001 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну | осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген |
| P.CP.05.OPR.002 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген |
| P.CP.05.OPR.003 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу | осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген |

7-кесте

"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" операциясының (P.CP.05.PRC.001) сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы |
|-------|------------------------|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленімі | P.CP.05.OPR.001 |
| 2 | Операцияның атауы | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну |
| 3 | Орындаушы | мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган |
| | | мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органда әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған мәліметтерді, соның |

| | | |
|---|-------------------------|---|
| 4 | Орындау шарттары | ішінде бұрын ұсынылған және мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органда өзгерістер енгізілген мәліметтерді алатын уәкілетті органда өңделген мәліметтерді өңдеу аяқталғаннан кейін не әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы мәліметтерді алатын уәкілетті органға бұрын ұсынылған хабарламада ол туралы ақпарат қамтылған қате тудырған себептер жойылғаннан кейін 6 жұмыс күнінен кешіктірілмей орындалады |
| 5 | Шектеулер | мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған мәліметтерді қалыптастырады және мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынады |
| 7 | Нәтижелері | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтер мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынылды |

8-кесте

"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.CP.05.OPR.002) сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы |
|-------|------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленімі | P.CP.05.OPR.002 |
| 2 | Операцияның атауы | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | мәліметтерді алатын уәкілетті орган |
| | | |

| | | |
|---|-------------------------|--|
| 4 | Орындау шарттары | орындаушы әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ("Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" операциясы (P.CP.05.OPR.001)) алған кезде орындалады |
| 5 | Шектеулер | мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес келуге тиіс. |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қабылдау мен өңдеуді, соның ішінде бақылауды жүзеге асырады. Егер бұл мәліметтер көрсетілген ақпараттық ресурста (дерекқорда) болмаған кезде не орындаушының қолда бар ақпараттық ресурсындағы (дерекқорындағы) мәліметтерді өзекті ету үшін пайдаланылса, осы автомобильге қатысты мәліметтер бақылау рәсімінен өткен, әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған белгілі бір автомобильге қатысты мәліметтер орындаушының ақпараттық ресурсына (дерекқорына) енгізіледі. Мәліметтерді өңдеу нәтижелері бойынша орындаушы әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған әрбір автомобильге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қалыптастырады және мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органға жібереді |
| | | |

| | | |
|---|------------|--|
| 7 | Нәтижелері | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтер өңделді, әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органға жіберілді |
|---|------------|--|

9-кесте


"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" операциясының (P.CP.05.OPR.003) сипаттамасы

| Р/с № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы |
|-------|------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленімі | P.CP.05.OPR.003 |
| 2 | Операцияның атауы | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу |
| 3 | Орындаушы | мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган |
| 4 | Орындау шарттары | орындаушы әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P.CP.05.OPR.002)) |
| 5 | Шектеулер | мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс |
| | | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді қабылдау мен |

| | | |
|---|-------------------------|--|
| 6 | Операцияның сипаттамасы | өндеуді жүзеге асырады, ақпараттық ресурста (дереккорда) әрбір мүше мемлекетке қатысты әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған әрбір автомобильге қатысты мәліметтерді өндеу фактісін немесе өндеу қатесін тіркейді |
| 7 | Нәтижелері | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өндеу нәтижелері туралы хабарлама өңделді |

"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімі (P.CP.05.PRC.002)

31. "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімін (P.CP.05.PRC.002) орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімін (P.CP.05.PRC.002) орындау схемасы

32. "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімін (P.CP.05.PRC.002) мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган:

мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органда әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты бұрын ұсынылған және мәліметтерді алатын уәкілетті органда өңделген мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты (бұдан әрі – әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат) өңдеу аяқталғаннан кейін;

ол туралы ақпарат мәліметтерді алатын уәкілетті органға бұрын ұсынылған әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарламада болған қате тудырған себептер жойылғаннан кейін 6 жұмыс күнінен кешіктірмей орындайды.

"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімі (P.CP.05.PRC.002) әрбір мүше мемлекеттің мәліметтерді алатын уәкілетті органына қатысты орындалады. Ақпарат өңдеу қателігін тудырған себептер жойылғаннан кейін ақпарат қайтадан ұсынылған кезде "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімі (P.CP.05.PRC.002) белгілі бір мүше мемлекеттердің мәліметтерді алатын уәкілетті органдарына қатысты орындалуы мүмкін.

33. Алдымен "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді ұсыну" операциясы (P.CP.05.PRC.001) орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қалыптастырады және мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынады.

34. Мәліметтерді алатын уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты алған кезде "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" операциясы (P.CP.05.OPR.005) орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген ақпаратты қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органға әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберіледі.

35. Мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде "Әкелінген және ішкі

тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" операциясы (P.CP.05.OPR.006) орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады.

36. Мәліметтерді алатын уәкілетті органның әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қабылдауы мен өңдеуі "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімін (P.CP.05.PRC.002) орындау нәтижелері болып табылады.

37. "Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімі (P.CP.05.PRC.002) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 10-кестеде берілген.

10-кесте

"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою" рәсімі (P.CP.05.PRC.002) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодтық белгіленімі | Атауы | Сипаттамасы |
|--------------------|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| P.CP.05.OPR.004 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты ұсыну | осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген |
| P.CP.05.OPR.005 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген |
| P.CP.05.OPR.006 | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алу | осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген |

11-кесте

"Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты ұсыну" операциясының (P.CP.05.OPR.004) сипаттамасы

| Р/с № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленімі | P.SP.05.OPR.004 |
| 2 | Операцияның атауы | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты ұсыну |
| 3 | Орындаушы | мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган |
| 4 | Орындау шарттары | мәліметтерді ұсынатын уәкілетті органда әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу аяқталғаннан кейін не ол туралы ақпарат мәліметтерді алатын уәкілетті органға бұрын ұсынылған әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламада болған қате тудырған себептер жойылғаннан кейін 6 жұмыс күнінен кешіктірілмей орындалады |
| 5 | Шектеулер | мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қалыптастырады және мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынады |
| 7 | Нәтижелері | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат мәліметтерді алатын уәкілетті органға ұсынылды |

Әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" операциясының (P.CP.05 .OPR.005) сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленімі | P.CP.05.OPR.005 |
| 2 | Операцияның атауы | әкелінген және ішкі тұтыну үшін (еркін айналымға) шығарылған автомобильдерге қатысты мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | мәліметтерді алатын уәкілетті орган |
